

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАКАЛАВРИАТ

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР

5В110400 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы

Сағат көлемі – 135 (3 кредит)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана 2011

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** «Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы», С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, «Астана Медициналық университеті» АҚ, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Семей қаласының Мемлекеттік медициналық университеті, Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы.
2. **АЛҒАШ РЕТ** енгізілген
3. **Үлгілік оқу бағдарламасы** 5B110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша ҚР 2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген
4. **Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 26 қазандағы №734 бұйрығымен бекітілген.

МАЗМҰНЫ

1. Түсініктеме	4
2. Пән бойынша сағаттың бөлінуі.....	6
3. Пәннің мазмұны және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері	6
4. Оқу және оқыту әдістері.....	29
5. Студенттердің білімін бағалау.....	29
6. Құрал-жабдықтар.....	29
7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	30

Бұл үлгілік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

1 ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазіргі медицинаның жетістіктері, эпидемияға қарсы шараларды тиімді ұйымдастыру, Қазақстан Республикасында жұқпалы ауруларды бақылау мен басқару көптеген эпидемиялық инфекциямен ауыратындардың санын азайтты, құрылымы және сипатына өзгеріс әкелді. Бірақ, басқа мемлекеттерден жұқпалы аурулардың, соның ішінде, аса қауіпті инфекциялардың ену қауіпі, сонымен қатар, жұқпалы аурулар қоздырғышын бактериологиялық (биологиялық) қару ретінде қолдану қауіпі үнемі сақталуда. Одан басқа, Қазақстан Республикасының аймағында оба, туляремия, Конго-Қырымдық геморрагиялық қызба (КҚГҚ), бүйрек синдромымен өтетін геморрагиялық қызба (БСГҚ). сияқты аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтары орналасқан. Қазақстан Республикасында зоонозды инфекциялар бойынша (бруцеллез, түйнеме, құтыру және басқалары) қолайсыз эпидемиологиялық жағдай сақталуда. «Ескі» инфекциялар (тырысқақ және басқалары) қайта оралып жатыр және «жаңа» инфекциялар (emerging diseases) пайда болуда: АЖРС-ТОРС (ауыр жедел респираторлы синдром, «құс» тұмауы, «шошқа» тұмауы, прионды аурулар. 2009 жылы ДДҰ Н1N1 гриппінің пандемиялық таралуы туралы хабарлады. Вакцинацияға қарамастан қызылшамен эпидемиялық аурушылдық байқалады. Полиомиелиттің сырттан ену қауіпі бар. Әлемдегі АИВ-инфекциясы бойынша жағдайдың тұрақтандырылуына қарамастан, Қазақстанда АИВ-инфекциясымен аурушылдық жоғарылап келуде.

Жұқпалы аурулар бойынша бағдарлама инфектология аймағындағы қазіргі кезеңге тән жетістіктерге байланысты нозологиялық формаларды біріктіреді.

Бұл бағдарламада Қазақстан Республикасындағы инфекциялық қызметті ұйымдастырудың құрылымдары нақты көрсетілген. Бағдарламада жұқпалы аурулардың қазіргі кезеңіндегі этиологиялық құрамына және патогенезіне сәйкес жаңа мәліметтер, жұқпалы аурулардың қазіргі уақыттағы ағым ерекшеліктері туралы түсініктер, әртүрлі қатардағы жұқпалы аурулардың ерекшеліктерін ашады. Жұқпалы аурулардың типті ағымымен қатар атипті ағымына да көңіл бөлінген.

5B110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша жалпы дайындық кеңінен таралған жұқпалы ауруларды, сырттан енетін және тропикалық ауруларды клиникалық диагностикалауға алған білімдерін, ауруды ерте анықтау мақсатында аспаптық және зертханалық зерттеу әдістерін тиімді қолдануды, ошақта ілкі эпидемияға қарсы шараларды жүргізуді оқып-үйрену қабілетін дамытуды қарастырады.

Маманды дайындауда негізгі көңіл аса қауіпті жұқпалы ауруларды халықаралық медициналық-санитарлық ережелер мен сырттан енуінің алдын-алуда қарастырылған шараларға ерекше назар аударылады.

Пәннің мақсаты: студенттерде жұқпалы ауруларды дифференциальды диагностикалау, диагностика, таралу ошағына эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру бойынша дағды, білім қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

- кең таралған инфекция мен инвазия, карантиндік инфекциялар, сонымен қатар экзотикалық (әкелінген) жұқпалы ауруларға клиникалық-анамнездік мәліметтерге сүйене отырып диагноз қоюды үйрету;
- жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары мен негізгі принциптерін үйрету;
- жұқпалы аурулардың ошағында эпидемияға қарсы және алдын алу шараларын ұйымдастыру принциптерін үйрету.

Білім берудің түпкілікті нәтижелері (компетенциялары)

Студент тиісті:	компетенциялар
білуге	жұқпалы аурулардың анықтау негізін;
	ауруханаға жатқызудың клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштерін;
	науқастарды үйде емдеу шарттарын: а) ішек инфекциялары; б) ауа-тамшы инфекциялары;
	жұқпалы аурулардың алдын-алудың әдістері мен принциптерін;
	карантиндік инфекцияға күдіктенген кезде эпидемияға қарсы шұғыл шараларды ұйымдастыру принциптерін;
	емханадағы жұқпалы аурулар кабинетінің (ЖАК) функцияларын
	инфекциялық бақылау принциптері
үйреніп алуға	жұқпалы ауруға шалдыққан науқастарды тексеруге дайындауды және лабораториялық-құралдық зерттеу әдістерін жүргізуге қатысуды;
	жұқпалы науқаспен жұмыс істеу барысында биоқауіпсіздік принциптерін қолдануды;
	жұқпалы ауру ошақтарындағы эпидемияға қарсы және профилактикалық шараларды ұйымдастыруды;
	тұрғындар арасында жұқпалы аурулармен ауыруды сараптауды
машықтарды игеруге	аса қауіпті инфекциялар жағдайын стандартты анықтау әдісін қолдануға
	бағытталған эпидемиологиялық анамнез бен ауру анамнезін жинауға;

	клиникалық тексеру мен зертханалық-құралдық зерттеу әдістерін интерпретациялауға;
	ошақта профилактикалық және эпидемиологияға қарсы шаралар жүргізуге;
	жұқпалы аурулардың алдын алуда санитариялық-ағарту жұмыстарын өткізуге

Пререквизиттер мен постреквизиттер

Пререквизиттер: анатомия, патологиялық анатомия, коммуникативті дағдылар, клиникалық медицинаға кіріспе, микробиология.

Постреквизиттер: эпидемиология дезинфекциялық іс негіздерімен, коммунальды гигиена, тағам гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.

2 ПӘН БОЙЫНША САҒАТТЫҢ БӨЛІНУІ

Сағаттың жалпы саны	Аудиториялық сағаттар				СӨЖ
	Барлығы	Дәрістер	Практикалық сабақтар	ОСӨЖ	
№1 кредит - 45	30	5	10	15	15
№2 кредит - 45	30	5	10	15	15
№3 кредит - 45	30	5	10	15	15

3 Пәннің мазмұны* және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері**

№1 кредит

Инфекциялық процестегі инфекция туралы ілім. Жұқпалы аурулардың алдын алу мен жіктеудің жалпы принциптері

Жұқпалы аурулардың таралуының қысқаша тарихи мәліметтері. Қазақстан Республикасындағы жұқпалы ауруларды зерттеудің негізгі кезеңдері. Эпидемиялық және спорадикалық аурушылдық.

«Инфекция», «инфекциялық процесс» түсініктерінің анықтамасы. Аурушандықтың жалпы құрылысындағы жұқпалы аурулардың орны. Қазіргі кездегі жұқпалы аурулармен ауырғыштық құрылымы және жұқпалы аурулардың эволюциясы. Жұқпалы аурулардың клиникалық жіктелуіларын құрастыру принциптері. Жұқпалы аурулар калассификациясы.

Жұқпалы аурулардың ағымы, циклдері. Жұқпалы аурудың жіті және

созылмалы формалары. Жұқпалы аурулардың симптомдары мен синдромдары және оларды бағалау.

Жұқпалы ауру жағдайын стандартты анықтау принциптері (күмәнді, ықтимал және дәлелденген ауру жағдайлары. Жұқпалы аурулардың ерте диагностикасының принциптері. Диагностикадағы анамнездің мәні. Эпидемиологиялық анамнез.

Жұқпалы ауру диагнозын қоюдағы лабораторлық және клиникалық-иммунологиялық мәліметтердің маңызы. Зерттеулердің талдау алдындағы (пре-аналитический этап) және талдау (аналитический этап) сатылары. Диагностиканың лабораторлық әдістері: бактериологиялық, вирусологиялық, микроскопиялық, серологиялық, биологиялық, аллергиялық, молекулярлы-генетикалық (ПТР, сапалық, сандық анализ). Жұқпалы аурулар диагностикасындағы экспресс әдістер. Биологиялық материалмен жұмыс істеу барысындағы биоқауіпсіздік принциптері. Контакттан кейінгі алдын алу (постконтактная профилактика).

Жұқпалы аурулардың алдын алудың жалпы принциптері. Инфекция көзін тасымалдаушыларды жоюдағы профилактикалық шаралар, Инфекцияларды организмнің қабылдағыштығы және берілу жолдары. Бактерия көздерін жою және белсенді анықтау.

Вакцинді және серопротекторлар. Вакцина түрлері. Анатоксиндер. Сарысулар. Иммуноглобулиндер.

Профилактикалық егулердің күнтізбесі. Алдын алу егулердің ұлттық күнтізбесі. Ұлттық иммунизация күндері. Эпидемиологиялық көрсеткіштермен егулерді жүргізу. Егулерге қарсы көрсеткіштер. Вакцинацияның асқынуы.

Санитарлық-ағарту жұмыстарының жұқпалы ауруларды алдын алудағы ролі және орны. әрекеттік аспектілер.

Жұқпалы аурулардың ауру тарихын толтыру.

Ішек инфекциялары және инвазиялары

Дизентерия

Этиологиясы. Қоздырғыш, оның негізгі қасиеттері. Шигеллалардың қазіргі жіктелуі. Қоздырғыштың сыртқы ортадағы тұрақтылығы. Эпидемиологиясы. Инфекция көздері. Дизентерия таралуындағы атипті формалы науқастардың маңызы. Жұғу механизмі. Шигеллалардың әртүрлі түрлеріне арналған таралу жолдары мен факторлары. Имунитет. Маусымдылық. Патогенезі. Инфекцияның ену қақпалары. Қоздырғыштың инвазивті және токсигенді қасиетінің ролі. Клиникасы. Дизентерияның клиникалық жіктелуі. Аурудың түрлі клиникалық варианттарындағы инкубациялық кезеңдер. Жіті дизентериядағы колиттік, гастроэнтероколиттік және гастроэнтериттік нұсқаларының сипаты. Ағымының ауырлық критерийлері. Дизентерияның субклиникалық ағымы (бактерия тасымалдаушылық). Дизентерияның асқынуы, дизентериядан кейінгі жағдай. Созылмалы дизентерия және оның варианттары. Созылмалы дизентерияның дамуына әсер ететін шарттар. Ағымның қазіргі

ерекшеліктері. Болжам. Диагностикасы. Науқастың эпидемиологиялық анамнезі мен клиникалық тексерулердің маңызы. Бактериологиялық және серологиялық РНГА эритроциттік дизентериялық диагностикумымен, ИФА, НРИФ) әдістер. Диагностиканың копроскопиялық әдістері. Аспапты әдіс (ректороманоскопия). Ректоманоскопиялық көрсеткіштер.

Коаггутинация реакциясының, имунофлюоресцентті әдіс және имуноглобулинді (антиденесімен) диагностикумы бар РНГА көмегімен жасалатын экспресс-диагностика. Саралау диагнозы.

Алдын-алу. Науқастардың диагнозын ерте анықтаудың ролі және оларды стационарда және үйде тиімді емдеу. Ағымды және қорытынды дезинфекция. Емханада ЖАК-та реконвалесценттерді диспансерлік бақылау. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Сальмонеллез

Этиологиясы. Сальмонеллездің қоздырғышы, олардың маңызды қасиеті. Жіктелуілау принциптері. Эпидемиологиясы. Сальмонеллездердің адамдар мен жануарлар арасында таралуы. Сальмонеллездің берілу факторлары, таралу жолдары. Қабылдағыштық. Иммунитет. Споралық аурушандық және топтық ошақтар. Маусымдылық. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Сальмонеллездің жергілікті және таралған (генерализденген) түрлерінің патогенезі. Клиникасы. Сальмонеллездің жіктелуі. Сальмонеллездің генерализацияланған түрлерінің клиникасы (ішсүзектік және септикопиемиялық). Бактериятасымалдаушы. Асқыну. Диагностикасы. Эпидемиологиялық және зертханалық мәліметтердің маңызы. Лабораториялық диагностика: бактериологиялық және серологиялық әдістер, экспресс-диагностика. Ағымның заманауи ерекшеліктері.

Емі. Сальмонеллездің ошақты және генерализацияланған түрлерін емдеу принциптері. Бактериятасымалдаушылықты емдеу. Ауруханадан шығару критерийлері. Алдын алуы. Науқасты ерте анықтаудың және ауруханада және үйде тиімді емдеу маңызы. Күнделікті және ақырғы дезинфекция. Емхананың ЖАК реконвалесценттерді диспансеризациялық бақылауы. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Вирусты гастроэнтериттер

Этиологиясы. Ротавирустар вирусты гастроэнтериттердің негізгі себептерінің бірі. Гастроэнтериттің дамуындағы басқа вирустардың маңызы.

Эпидемиологиясы. Шығу көзі. Таралу жолдары мен жұғу механизмі. Қабылдағыштық. Иммунитет. Маусымдылық. Кездейсоқ және топтық аурулар.

Патогенезі. Патологиялық анатомия. Вирустың энтероцитке енуі (энтеротроптық). Вирустың репродукциясы. Асқорытудың мембранды және қуысты бұзылыстары. Клиникасы: инкубациялық кезеңі. Аурудың ерте және айқын кезеңдегі симптоматикасы. Болжам. Диагностика. Емі. Алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Эшерихиоздар

Этиологиясы. Эшерихиоздың сипаттамасы. Олардың антигендік құрылымдары. Эшерихиоздың жіктелуі. Эпидемиологиясы. Эшерихиоздың шығу көзі. Жұғу механизмі. Таралу жолдары. Инфекцияның берілу факторлары. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Эшерихияның токсигенді және инвазивті қасиеттерінің ролі. Ішкі ағзалардағы патологиялық өзгерістер.

Клиникасы. Дизентерия және тырысқақ тәрізді эшерихиоздың симптоматикасы мен ағымы. Ағымының қазіргі ерекшеліктері. Болжамы.

Диагностикасы. Эшерихиоз диагностикасындағы клиникалық және эпидемиологиялық мәліметтердің маңызы. Спецификалы диагностика: бактериологиялық және серологиялық: ТЕГАР; иммунофлюоресцентті әдістің көмегімен және ТЕГАР (РНГА) иммуноглобулинді диагностикасының көмегімен жасалатын эшерихиоздың экспресс диагностикасы. Саралау диагнозы. Алдын-алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Тырысқақ

Этиологиясы. Классикалық тырысқақ вибрионы және Эль-Тор вибрионы. Олардың негізгі қасиеттері токсиндердің сипаттамасы. Сыртқы ортадағы тұрақтылығы. Эпидемиологиясы. Инфекцияның шығу көзі. Жұғу механизмі, инфекцияның таралу және берілу жолдары. Эль-Тор тырысқақтың эпидемиялық ерекшеліктері. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Қоздырғыштың енуі және оның көбеюі. Холероген токсиндерінің жіңішке ішек жасушасының ферменттік жүйесіне әсері. Диарея патогенезі, су-электролитті бұзылыстар, метоболикалық ацидоз, жүрек-қантамыр бұзылулары, бүйрек қызметінің бұзылуы. Ішкі ағзалардағы патологиялық өзгерістер.

Клиникасы. Ағымының қазіргі ерекшеліктері. Дегидратацияның 4 дәрежесіне байланысты клиникалық және патогенетикалық мінездемесі. Эль-Тор тырысқақтың клиникалық ерекшеліктері. Гиповолемиялық шоктың клиникасы. Асқынуы. Болжамы. Диагностикасы. Науқастың эпидемиологиялық анамнезі мен клиникалық тексерілуінің маңызы. Бактериологиялық диагностика (құсық, өт, аутопсиялық материал). Экспресс диагностика әдістері. Алу ережелері, материалдық зерттеу.

Алдын-алуы. Эпидемиялық ошақтың орналасуы, ошақты жою. Тырысқақтың енуіне жол бермеу. Диагнозды ерте анықтаудың, науқастарды госпитализациялаудың, қарым-қатынаста болған адамдарды бактериологиялық тексерудің тиімділігі. Ағымдық және қорытынды дезинфекция. Вибрион тасымалдаушыны клиникалық-бактериологиялық бақылау. Антибиотиктермен жедел алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Тырысқақпен күресуге арналған халықаралық ережелер мен карантинді шаралар.

Тағамдық токсикоинфекция

Этиологиясы. Эпидемиологиясы. Тағамдық токсикоинфекцияның таралу көзі, берілу механизмі. Токсиндердің берілуіндегі әртүрлі тағамдардың ролі. Кездейсоқ аурушандық және топтық тұтану. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Клиникасы. Ағымының қазіргі ерекшеліктері. Инкубациялық кезең. Асқазан ішек жолының әртүрлі бөлімдерінің зақымдануындағы ауру ағымының клиникалық нұсқалары. Ауырлық дәрежесі. Асқыну. Болжам.

Диагностикасы. Диагностиканың бактериологиялық әдісінің жетекшілік маңызы. Қоздырғыштардың аутоиммундармен серологиялық реакциясы.

Алдын алу. Санитариялық-гигиеналық шаралар.

Іш сүзек, А және В паратифтер

Этиологиясы. Қоздырғыш оның негізгі қасиеттері, антигенді құрылымы, L түрлі қоздырғыш. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Берілу механизмі мен жұғу жолдары. Тағамдық және ошақтық тұтанулар. Тұрғындардың қабылдағыштығы. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Қоздырғыштың енуі, ішектің лимфалық аймағында, лимфалық түйіндерінде көбеюі. Жасушаішілік паразиттену, бактериемия, токсинемия. Ошақты зақымдалу. Аллергиялық реакция. Жіңішке ішектің лимфалық аппаратындағы патологиялық өзгерістердің циклілігі. Басқа органдар мен жүйелердегі өзгерістер.

Клиника. Инкубациялық кезең. Клиникалық кезең. Ішсүзектің ағымының циклілігі. Аурудың айқын кезеңіндегі клиникалық сипаттамасы. Температуралық қисықтың түрлері. Бөртпелердің пайда болу уақыты. Орталық нерв және жүрек-қантамыр жүйелері қызметінің бұзылуы. Асқазан- ішек жолының зақымдалу белгілері. Ішсүзектің ауырлық дәрежесінің критерийлері. А және В паратифтерінің клиникалық ағымының ерекшеліктері. Ішсүзектің өршуі мен ремиссиясы. Асқынуы. Болжамы. Диагностикасы. Эпидемиологиялық және клиникалық мәліметтердің ролі. Гемограмма. Лабораториялық диагностика: бактериологиялық және серологиялық (Видадь реакциясы ТЕГАР О, Н және Vi инфекцияның экспресс диагностикасы). Аурудың әртүрлі кезеңінде оптимальды лабораториялық диагностикалық әдістерді таңдау.

Алдын-алу. Спецификалы алдын алу. Реконвалесценттерді диспансеризациялау принциптері. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Иерсиниоздар

Этиологиясы. Қоздырғыштар туралы негізгі мәлімет. Эпидемиологиясы. Инфекцияның көзі. Адамға жұғу жолдары мен таралу факторлары. Тұрғындардың қабылдағыштығы. Аурудың маусымдылығы. Иммуитет.

Патогенезі. Патологиялық анатомия. Процестің даму сатысы. Энтеральды лимфаденит, бактеремия, токсинемия, мүшелерінің зақымдалуы. Аурудың қайталануы. Клиникасы. Аурудың клиникалық жіктелуі. Инкубациялық кезең. Жергілікті және генерализацияланған түрлерінің симптомдары мен ағымы.

Салдарлық ошақтың зақымдалуы. Өршу мен қайталанулардың клиникалық мінездемесі. Диагностикасы. Зертханалық диагностика: бактериологиялық, серологиялық и биологиялық тексеру әдістері. Алдын-алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Ішектің протозойлы инвазиялары (амебиаз, балантидиаз)

Этиологиясы. Қоздырғыштар, олардың өмірлік циклі. Эпидемиологиясы. Инвазияның шығу көздері. Жұғу механизмі мен таралу жолдары. Цистотасымалдаушылардың ролі. Маусымдылық. Аурушандық.

Патогенез. Патологиялық анатомиясы. Амебиаз және балантидиазда әртүрлі органдар мен жүйедегі патоморфологиялық өзгерістер. Патологиялық процестің ішектен тыс орналасу механизмі. Клиникасы. Клиникалық жіктелу. Ішектік амебиаз. Жіті және созылмалы формасы. Өкпедегі, бауырдағы, мидағы амебиаздық абсцестің симтпомдары. Тері амебиазының клиникасы. Болжам. Диагностикасы. Амебиаздың спецификалы және қосымша анықтау әдістері (копрологиялық, ректороманоскопиялық). Ішектен тыс амебиаздың қосымша әдістері. Саралау диагноз. Алдын-алу. Диспансерлік бақылау. Тасымалдаушыларды тіркеу. Шетелден енгізілудің алдын алу.

Ботулизм

Этиологиясы. Қоздырғыштың негізгі қасиеттерінің сипаты. Қоздырғыштың түрлері. Эпидемиологиясы. Ботулизмнің берілу факторлары мен инфекция көздері. Үйде дайындалған консервілердің зарарлану қаупі. Қабылдағыштық. Бірлескен және топтастырылған аурулардың болуы.

Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Токсинемия (улану). Орталық және шеткері жүйке жүйесінің зақымдалу механизмі. Жіті тыныс алу жеткіліксіздігінің патогенезі. Ішкі ағзалардағы патологиялық өзгерістер.

Клиникасы. Ботулизм жағдайларын стандартты анықтау. Бульбарлы бұзылыстар. Ауырлық критерийлері. Жіті тыныс алу жеткіліксіздігі. Асқынулары. Болжамы. Диагностикасы. Лабораториялық зерттеулер. Биологиялық сынама. Алдын алу. Ботулизм ошағындағы серологиялық алдын алу. Вакциналық алдын алу шаралары (полианатоксин) және оған көрсеткіштер. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Вирусты гепатиттер

Вирусты гепатиттердің А, В, С, D (дельта), Е, TTV, G этиологиясы.

А вирусты гепатиті, этиологиясы. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Сарғаюсыз және субклиникалық формалы науқастардың эпидемиологиялық маңызы. Берілу механизмі мен факторлары. Жас ерекшелігі әртүрлі топтардың қабылдағыштылығы. Иммунитет. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Сарғаюдың, гиперферментемияның және т.б. метаболикалық бұзылыстардың патогенезі. Саногенез механизмнің активациясы. Бауырдағы морфологиялық өзгерістер.

Клиникасы. А вирусты гепатиттің клиникалық жіктелуі. Вирусты гепатиттердің жіктелуі. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы. Сарғаю алды кезеңінің ұзақтығы мен клиникалық көрінісі. Сарғаю мерзімі, оның клиникалық сипаттамасы. Реконвалесценция мерзімі. Ағымының қазіргі ерекшеліктері. Вирусты гепатиттердің соңы. Диагностикасы. Биохимиялық зерттеулер: гиперферментемия анықталуы, пигмент және нәруыз алмасуының бұзылыстары. Олардың клиникалық интерпритациясы. Иммунологиялық зерттеулер. Маркерлердің анықталуы.

Алдын алу. Науқастардың, қоздырғышы бар адамдардың ерте және белсенді анықталуының маңызы. Қарым-қатынастағыларды бақылау. Дезинфекция. Стационардан шығару шарты. Вакцинация. Бұрын ауырған адамдарды қарау.

В вирусты гепатит. Этиологиясы. Дейн бөлшегі, оның антигендік құрылымы. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Таралу жолдары. Қауіп тобы.

Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Патогенездің вирустық иммуногенетикалық концепциясы. Гепатоциттердің және холестаждың цитолиттік механизмі. Фульминантты және созылмалы гепатиттің патогенезіндегі ерекшеліктері. Бауырдағы морфологиялық өзгерістер. Клиникасы. Ауырлықтың критерийлері. Бауырдың жіті энцефалопатиясының (ЖБЭ I-IV дәрежесі) клиникалық сипаттамасы. Аурудың рецидивтері мен өршуі. Болжамы. Диагностикасы. Иммунологиялық диагностика. Биохимиялық зерттеулер. Диагностиканың аспаптық әдістері. Маркерлердің анықталуы. ПЦР диагностикасы. Алдын алу. Санитариялық-гигиеналық шаралар. Науқастардың, қоздырғышы бар адамдардың диагнозын ерте және активті анықтаудың маңызы.

Д вирусты гепатит. Этиологиясы. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Берілу механизмі. Коинфекция мен суперинфекция туралы түсінік. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Дельта-вирус қоздырғышының гепатоциттерге цитолитикалық әсер етуі. Дельта-вирустың қайталану репликация және оның рецидиві. Киникасы. Фульминантты ағымы. В вирусты гепатиттің реконвалесценциядағы жіті дельта-гепатиты. Инкубациялық кезең. Сарғаю алды және сарғаю кезеңдерінің ерекшеліктері. Гепатиттің созылмалы түрге өтуінің ерте белгілері. Болжамы. Алдын алу. Вирусны В және Д гепатиттерінің вакцинопрофилактикасының ролі. Санитарлық-ағарту жұмысы. Инфекциялық бақылау.

Тыныс алу жолдарының инфекциялары

Тұмау және басқа ЖРВИ

Анықтамасы (Грипп және басқа ЖРВИ). Этиологиясы. Қоздырғыш және оның қасиеті, антигендік құрылымы, өзгергіштігіне деген қазіргі уақыттағы көзқарасы. Антигендік варианттары. Вирустың пандемиялық және эпидемиялық штаммалары. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Тұмаудың,

парагрипптің және аденовирусты инфекцияның таралу жолдары мен жұғу механизмі. Организмнің қабылдағыштығы. Иммуитет. Аурушандық. Маусымдылық. Тұмаудың эпидемиялары және пандемиялары. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Вирустың енуі. Тыныс алу жолдарының сілемейлі қабығының өзгеруі. Респираторлы синдромның патогенезі. Жүрек, жүрек-қантамыр, нерв жүйесі, паренхиматозды ағзалардың өзгерісі. Салдарлық инфекцияның маңызы. Клиникасы. Тұмаудың клиникалық жіктелімі. Гипертотикалы және геморрагиялы синдромдар. Жіті тыныс алу жеткіліксіздігі. Тыныс алу ағзалары асқынулары, басқа да асқынулар. Невр жүйесінің асқынуы. Пандемиялық грипптің клиникалық ағымының ерекшеліктері. Болжам. Алдын алу. Табиғаты вирусты жіті тыныстық аурулардың жалпы клиникалық-этиологиялық және эпидемиологиялық сипаттамасы. Жіті тыныстық аурулардың қазіргі кездегі жіктелуі. Тұмауды ерте диагностикалау маңыздылығы және тұмаумен ауыратын науқастардың арасынан басқа ЖРВИ-мен ауыратын науқастарды белгілеу. РС, риновирустық инфекциялар, олардың клиникалық ерекшеліктері, емдеу принциптері. Эпидемияға қарсы шаралар, тұмау кезінде арнайы алдын алу шараларын жүргізу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Энтеровирусты инфекция

Этиологиясы. ЕСНО және Коксаки вирустар. Ортақ қасиеттері. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Жұғу жолдары. Кездейсоқ аурулар, жергілікті тұтанулар, эпидемиялар. Иммуитет. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Тыныстық және асқырту жолының сілемейлі қабығының жасушасына вирустың енуі. Жергілікті өзгерістер. Вирусемия. Асқазан-ішек жолының, нерв жүйесінің және бұлшықеттердің зақымдануы.

Клиникасы. Инкубациялық кезеңі. Клиникалық белгілердің әртүрлілігі. Жеке формалардың клиникалық сипаттамасы: энтеровирусты диарея, герпетикалық баспа, жіті тыныстық аурулар, миалгиялар, сірнелі менингит және нерв жүйесінің басқа да зақымдануы, инфекциялы экзантема, миокардиттер, геморрагиялы конъюнктивит. Болжамы. Диагностикасы. Вирустық және серологиялық диагностика. Алдын алу.

Менингококкты инфекция

Этиологиясы. Қоздырғыш. Оның негізгі қасиеті. Менингококктың түрлері мен серологиялық топтар. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Инфекцияның жұғу механизмдері және таралу жолдары. Тұрғындардың қабылдағыштығы. Қауіп тобы. Иммуитет. Маусымдылық. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Инфекцияның гематогенді және лимфогенді генерализациясы. Патогенездегі токсемиялық және аллергиялық компоненттің ролі. Инфекция-токсикалық шоктың, церебральды гипертензия және гипотензияның, мидың ісінуі және ұлғаюының, ДВС-синдромының және бүйрекүсті безінің жіті жетіспеушілігінің даму механизмі. Клиникасы. Менингококкты инфекцияның формаларын

жіктеу. Менингококкты назофарингиттің, менингококкты менингиттің, менингококкцемияның, менингококкты энцефалиттің клиникасы. Жіті менингококкты сепсис. Асқынуы. Клиникалық синдромы. Өртүрлі формадағы менингококкты инфекцияның болжамы.

Диагностикасы. Менингококкты инфекцияның өртүрлі формаларының клиникалық-лабораториялық мәліметтерінің маңыздылығы. Алдын алу. Аурудың шұғыл профилактикасы, менингококк қоздырғышын тасымалдаушыларды анықтау және санациялау. Арнайы алдын алу шаралары.

Ересек адамдардағы балалардың респираторлық инфекциялары (қызылша, күл, жел шешек, эпидемиялық паротит, қызамық, жәншау)

Этиологиясы. Қызылша, күл, жел шешек, эпидемиялық паротит, жәншау, қызамық қоздырғыштары туралы негізгі мәліметтер. Эпидемиологиясы. Ересектердегі балалардың респираторлық инфекцияларындағы эпидемиялық процестің ерекшеліктері және таралуының себептері. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Қызамық, дифтерия, жел шешек, эпидемиялық паротит, жәншау, қызылшаның негізгі патогенетикалық механизмі. Клиникасы. Аурудың даму кезеңі. Инкубациялық кезең. Ересектердегі аурудың даму кезеңі бойынша қызылша, күл, жел шешек, эпидемиялық паротит, жәншау, қызамық ағымының ерекшеліктері мен клиникалық әйгіленуі. Дерттің ауырлық критерийі. Асқынуы. Болжамы.

Диагностикасы. Эпидемиологиялық анамнездің, клиникалық әйгіленудің маңызы, қызылша, күл, жел шешек, эпидемиялық паротит, жәншау, қызамық ағымының ерекшеліктері. Диагностиканың лабораториялық әдісі. Сараланған диагноз. Профилактика. Жоспарланған иммунизацияның маңызы.

№1 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптардың аталуы
1.	Мамандыққа кіріспе. Жұқпалы ауру туралы ілім, инфекциялық процесс. Инфекцияның жіктелуі мен профилактикасының жалпы принциптері.
2.	Жедел ішек инфекциясы. Диарея синдромы. Өзектілігі, этиологиясы, эпидемиологиясы, диагностика және емдеу принциптері.
3.	Энтеральді механизммен таралатын вирусты гепатиттер. А және Е вирустық гепатиттер.
4.	Парэнтеральді механизммен таралатын вирусты гепатиттер. Вирусты В, С және Д гепатиттер.
5.	Грипп және басқа ЖРВИ. Пандемиялық грипп.
	Сағат көлемі: 5

Тәжірибелік сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптардың аталуы
1.	Жұқпалы науқастарды клиникалық тексеру және лабораторлық диагностикасының принциптері, сырқатнама толтыру.
2.	Іш сүзегі және А, В парасүзектер.
3.	Дизентерия. Сальмонеллез. Тағамдық токсикоинфекциялар.
4.	Иерсиниоздар.
5.	Менингококкты инфекция.
	Сағат көлемі: 10

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	ОСӨЖ тақырыптары
1.	Ішек инфекциялары. Іш сүзегі және А, В парасүзектер.
2.	Ботулизм.
3.	Тырысқақ.
4.	Вирусты А, В, С, Д, Е және басқа гепатиттер: этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникасы. Диагностикасы, алдын алуы.
5.	Дизентерия. Сальмонеллез. Тағамдық токсикоинфекциялар.
6.	Грипп және басқа ЖРВИ.
7.	Ересек адамдардағы балалардың респираторлық инфекциялары (қызылша, күл, жел шешек, эпидемиялық паротит, қызамық, жәншау).
	Аралық бақылау
	Сағат көлемі: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптардың аталуы
1.	Қазақстанда инфекциялық қызметтің қалыптасу тарихы.
2.	Жіті ішек инфекцияларының алдын алу.
3.	Протозойлы ішек инвазиясы (амебиаз, балантидиаз).
4.	Эшерихиоздар.
5.	Вирусты гастроэнтериттер. Энтеровирусты инфекция.
	Сағат көлемі: 15

№2 кредит

АИВ-инфекция

Этиологиясы. Қоздырғыш, оның негізгі қасиеті. Генетикалық және антигендік өзгергіштік. Сыртқы ортадағы тұрақтылығы. Эпидемиологиясы.

Әлемдегі, Орталық-азия аймағындағы, Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдай. Инфекция көзі. Жұғу және таралу механизмі. Қауіп топтары. Медициналық мекемелердегі жұқтыру мүмкінділігі. Иммунитет. Эпидемиологиялық процестің дамуын болжау.

Патогенезі. Патологиялық анатомия. Вирустың енуі. Иммуноциттермен әсер ету кезеңі. Иммунологиялық бұзылыстардың қалыптасу механизмі. Оппортунистік инфекция және инвазия қоздырғыштарының активациясы. Салдарлық инфекциялық процестің даму механизмі (протозойлы инфекция, микоздар, вирусты және бактериялы инфекциялар). Ісіктің туындауы. Патоморфология. Клиникасы. Жіктелуі. ДДҰ критерийлері. Клиникалық кезеңдердің толық сипаттамасы. Негізгі оппортунистік инфекциялар сипаты. Жүйелік зақымдалу мен ағым варианттарының сипаты.

Диагностикасы. АИВ-инфекциясының ерте анықталуындағы кешенді эпидемиологиялық, клиникалық және зертханалық мәліметтердің маңызы. Зертханалық зерттеу әдістері: серологиялық (ИФА, иммуноблотинг және т.б.), вирусологиялық (вирусты бөлу), жасушалық иммунитетті зерттеу жағдайы. ПЦР-әдіс. Алдын алу. ДДҰ бағдарламасы. АИВ-инфекциямен күресудің глобалды стратегиясы. Инфекциялық бақылау. Контакттан кейінгі алдын алу. Анадан балаға таралуын алдын алу (ППМР). Қазақстан Республикасындағы ЖИТС-пен күресу және алдын алу бойынша қызметті ұйымдастыру және оның құрылымы. ЖИТС-тің заңдық және медико-деонтологиялық мәселесі.

Токсоплазмоз

Этиологиясы. Қоздырғыш, оның өмірлік циклі. Қоршаған ортадағы тұрақтылығы. Эпидемиологиясы. Инфекция резервуары. Мысықтардың токсоплазмозды таратудағы ролі. Эпизотия, құстардың және үй сүтқоректілерінің және жабайы жануарлардың зақымдануы мен ауруы.

Патогенезі. Патологиялық анатомия. Қоздырғыштың енуі, оның организмде көбеюі мен таралуы. Псевдоцист түзілуі. Туа пайда болған токсоплазмоз. Клиникасы. Инфекцияның жіктелуі. Инкубациялық кезең. Жүре пайда болған токсоплазмоз. Жіті және созылмалы токсоплазмоздың клиникалық сипаттамасы (көздің, миокардтың, нерв жүйесінің зақымдануы). Өршуі мен қайталануы. Токсоплазмоздың латенттік формасы. Туа пайда болған токсоплазмоз. Жіті, жітілеу және созылмалы формаларының клиникалық сипаттамасы. Диагностикасы. Эпидемиологиялық және акушериялық анамнездің ролі. Арнайы диагностика, ағзаларды, тіндерді, биологиялық сұйықтықтарды токсоплазмозға паразитологиялық зерттеу, иммунологиялық реакция.(Сабина-Фельдман реакциясы, ҚБР). Тік емес иммундыфлюоросценттік әдіс. Биологиялық сынама. Токсоплазммен терілік сынама. TORCH диагностикасының ерекшеліктері (токсоплазмоз, қызамық және басқалары).

Алдын алу. Санитариялық-ветеринарлық профилактика шаралары. Кәсіби зақымданудың алдын-алу. Жүкті әйелдердің арасында токсоплазмозды анықтау. Алиментарлық жұқтырудың алдын-алу.

Тілме

Этиологиясы. Қоздырғыштың негізгі қасиеттері. Стрептококкты инфекцияның L-формалары. Эпидемиологиясы. Инфекция ошақтары. Жұғу механизмдері. Тілмеге жеке қабылдағыштықты анықтау мәні. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Жұғудың эндогенді және экзогенді түрі. Инфекция ошағының дермада қалыптасуы. Жергілікті белгілердің даму механизмі: жергілікті имунокомплекті процесс. ПЗБТ (ПЧЗТ). Тілменің геморрагиялы түрінің патогенезінің ерекшеліктері. Созылмалы қайталамалы тілменің пайда болуында иммундық бұзылыстың және стрептококктың персистеуші түрлерінің маңыздылығы. Клиникасы. Клиникалық жіктелуі. Эритематозды, эритематозды-геморрагиялы, эритематозды-буллезды, буллезды-геморрагиялы түрлері. Созылмалы қайталамалы тілме. Асқынулары. Зардаптары. (тұрақты лимфостаз, элифантзм) Болжамы.

Диагностикасы. Иммунологиялық тексеріс қанда стрептококктарға қарсы антиденелерді анықтау, стрептококк антигендерді анықтау (РАГА, ИФА).

Алдын алу. Қайталамалы тілмелі науқастарды диспансеризациялау.

Құтыру

Этиологиясы. Құтыру вирустарының негізгі қасиеттері. Эпидемиологиясы. Табиғаттағы вирустың қайнар көзі мен резервуары. Жабайы және үй-жануарларының эпизоотиялары. Адамға жұғу жолдары. Ену қақпаларының маңыздылығы. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Вирустың енуі мен таралуы. Орталық нерв жүйесінің зақымдалуы. Сопакша мидың, аммонов мүйізінің, мишықтың, жұлынның симпатикалық ганглийлердің гистоморофологиялық өзгерістері. Бабеша-Негри денешіктері. Латентті инфекция туралы түсінік. Клиникасы. Ауру ағымының сатылары. Құтырудың ерте сатылары. Ауру ағымы. Құтырудың атипті формалары. Болжамы.

Диагностикасы. Өлген жануарлардың миында Бабеша-Негри денешіктерінің табылуы мен клиникалық-эпидемиологиялық мәліметтердің маңыздылығы. Профилактикасы. Активті-пассивті әдіспен арнайы профилактика. Құтыруға қарсы гаммаглобулинді қолдану. Вакцинацияға көрсетілімдер және оны өткізу әдістері. Вакциналардың сипаттамасы және олардың тиімділігі.

Сіреспе

Этиологиясы. Қоздырғыштың маңызды қасиеттері. Токсин түзушілікке және спора түзуге қабілеттілігі. Сыртқы ортаға тұрақтылығы. Эпидемиологиясы. Табиғатта сіреспе қоздырғышының таралуы. Инфекцияның шығу көздері. Зарарлану механизмі. Аурудың жарақаттанушылықпен байланысы. Соғыс және бейбітшілік кезіндегі сіреспе. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Инфекцияның кіру қақпасы. Қоздырғыштың организмде орналасуы. Токсинемия. Құрысу синдромының механизмі.

Клиникасы. Сіреспе жіктелуісі. Инкубация кезеңі. Бастапқы кезеңнің симптомдары. Аурудың өршуінің клиникасы. Ауыр формалары және критерийлері. Сіреспенің жергілікті формасы. Асқынуы. Болжамы.

Диагностикасы. Клиникалық-эпидемиологиялық мәліметтердің диагностикалық маңызы. Алдын алу. Сіреспеге қарсы сарысуды және сіреспе анатоксинін қолдану. Жоспарлы және шұғыл алдын алу шаралары.

Түйнеме (күйдіргі)

Этиологиясы. Қоздырғыштың маңызды қасиеттері. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі және резервуары. Берілу механизмі және факторы. Аурудың эпизотикалық және эпидемиологиялық сипаты. Кәсіптік аурулар. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Қоздырғыштың енуі. Аурудың түрлі формаларының дамуындағы инфекцияның кіру қақпаларын анықтаудың маңызы. Ішкі ағзадағы өзгерістер. Клиникасы. Сібір жарасының клиникалық түрлерінің жіктелуісі. Инкубациялық кезең. Сібір жарасының терілік және септикалық түрлерінің клиникалық сипаттамасы. Диагностикасы. Кәсіби-эпидемиологиялық анамнездің, клиникалық тексеру мәліметтерінің маңызы. Зертханалық диагностика: бактериоскопиялық, бактериологиялық, биологиялық, серологиялық. Тері ішілік сынама. Экспресс-әдіс (иммунофлюоресцентті және басқалары). Түйнеме жағдайын стандартты анықтау.

Алдын алу. Ветеринарлық қызметтің көмегімен инфекция ошақтарын табу мен жою. Кешенді медициналық-санитариялық және ветеринарлық-санитариялық шаралар. Арнайы профилактика. Кәсіби және тұрмыстық жұқтырулардың алдын алу шаралары.

Оба

Оба - "аса қауіпті" карантинді инфекция. Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыштың маңызды қасиеті. Эпидемиологиясы. Қазақстан Республикасындағы табиғи оба микробының резервуары. Обаның табиғи ошағы, оның кең таралуы. Эпидемиялық және спорадикалық обаның ерекшеліктері. Обаның ілкі және салдарлық ошағы. Инфекцияның таралу жолы. Бүрге - оба қоздырғышының тасымалдаушысы. Обаның клиникалық ағымының залалдану жолына байланысты ерекшеліктері.

Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Микробтың енуі, лимфогенді және гематогенді таралуы. Жүрек-қантамыр жүйесінің, лимфатикалық аппараттың және тыныс алу ағзаларының зақымдануы. Клиникасы. Обаның қазіргі жіктелуі. Обаның біріншілік-ошақтық, жайылмалы, екіншілік-ошақтық түрлерінің клиникалық ерекшеліктері. Асқынуы. Соңы. Диагностикасы. Диагностиканың биологиялық әдіс. Обаның клиникалық түрлері жағдайларын стандартты анықтау. Обаның экспресс диагностикасы.

Алдын алу шаралары. Науқасты міндетті түрде арнайы стационарға жатқызу. Қарым-қатынаста болғандарды оқшаулау, шұғыл түрде алдын-алу шараларын іске асыру. Обаға қарсы вакцинация тәртібі. Обаның алдын алу

мақсатында портта, аэропорттарда алдын алу шараларын өткізу.

Туляремия

Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыштың маңызды қасиеті. Эпидемиологиясы. Микробтың табиғаттағы резервуары. Қазақстан Республикасындағы табиғи ошақтары, оның таралуы. Инфекцияның таралу жолы. Қоздырғыштардың тасымалдаушысы. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Микробтың енуі, лимфагенді және гематогенді таралуы. Жүрек-қантамыр жүйесінің, лимфатикалық аппараттың және тыныс алу ағзаларының зақымдануы. Клиникасы. Әртүрлі формасының клиникасы. Ауру динамикасындағы клиникалық симптомдардың сипаты. Асқынуы. Соңы.

Диагностикасы. Туляремия жағдайын стандартты анықтау. Диагностиканың бактериологиялық және серологиялық әдістері. Емдеу принциптері. Ауруханадан шығару критерийлері.

Алдын алу шаралары. Науқасты міндетті түрде арнайы стационарға жатқызу. Қарым-қатынаста болғандарды оқшаулау, шұғыл түрде алдын-алу шараларын орындау. Ошақта профилактикалық шаралар жүргізу.

Аусыл

Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыш туралы мәлімет, вирустың серотипі.

Эпидемиологиясы. Инфекция көздері. Аусыл эпизотиясы. Инфекцияның берілу механизмі мен факторлары. Ересектер мен балалардың қабылдағыштығы. Иммунитет. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Клиникасы. Инкубациялық кезең. Аурудың негізгі көрінісі. Симптомдар эволюциясы. Асқыну. Болжам. Диагностикасы. Эпидемиологиялық анамнез және эпизотиялық зерттеудің ролі. Биологиялық сынама. Емдеу принциптері. Алдын алу. Санитариялық-гигиеналық және санитариялық-ветеринарлық шаралар. Ағымдық және соңғы дезинфекцияның маңызы. Эпизодтық қауіп-қатер кезінде белсенді иммунизация жүргізу. Санитариялық-ағарту жұмыстары.

Инфекциялық моноклеоз

Өзектілігі. Этиологиясы. Қазіргі замандағы этиологиясы туралы көзқарас.

Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Жұғу механизмі, таралу жолдары, қабылдауы. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Клиникасы. Клиникалық формаларының жіктелуі. Инкубациялық кезең. Симптомокомплекс. Гемодинамикалық өзгерістер және оның диагностикасы. Аурудың атипиялық варианттары мен болжамы. Диагностикасы. Клиникалық мәліметтердің диагностикалық маңызы. Гематологиялық зерттеулердің маңызы. Серологиялық диагностика. Инфекциялы моноклеоздың диагностикасындағы микроэкспресс тәсілдер. Емдеу принциптері. Алдын алу.

Бруцеллез

Қазақстан Республикасы үшін өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыш түрлері және олардың эпидемиологиялық маңызы. Қоздырғыш. Бруцеллалардың L-формалары. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі. Жануарлар арасында бруцеллездің эпизоды. Инфекцияның таралу жолы мен факторы. Қабылдағыштық. Имунитет. Қайталамалы бруцеллез. Суперинфекция. Реинфекция. Патогенез. Патологиялық анатомия. Тірек қимыл аппаратының ошақтанған зақымдануының патогенезі, ішкі ағзалардың, нерв жүйесінің зақымдануы. Созылмалы бруцеллез патогенезіндегі бруцеллездің L-формасының маңызы. Клиникасы. Бруцеллездің клиникалық жіктелуі. Инкубациялық кезең. Жіті бруцеллез және оның клиникалық ерекшеліктері. Жеделдеу бруцеллез. Клиникасы. Созылмалы бруцеллез. Клиникалық түрлері, ағым ерекшеліктері. Диспансеризация. Болжамы. Диагностикасы. Бактериологиялық диагностика. Серологиялық диагностика (Райт реакциясы, Хедельсон реакциясы, Кумбс реакциясы ТГАР, КБР иммунофлюоресцентті реакция). Аллергиялық сынамалар (Бюрне лейкоциттердің лизис реакциясы). Емдеу принциптері. Алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Лептоспироз

Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыштар мінездемесі. Лептоспирлердің серологиялық түрлері және олардың адам патологиясындағы маңызы.

Эпидемиологиясы. Табиғаттағы инфекция көздері мен резервуары. Лептоспироздың табиғи ошағының түрлері. Инфекцияның берілу жолдары. Эпидемиологиялық тұтану түрлері. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Паренхиматозды диффузия. Интоксикацияның және геморрагиялық синдромдардың даму механизмдері. Лептоспироздың түрлі формаларында жүрек-қантамыр жүйесінің, нерв жүйесінің, бауыр, бүйрек және басқа ағзалардың зақымдануы. Клиникасы. Лептоспироздың клиникалық жіктелуі. Бүйректік және жүйкелік бұзылыстар симптоматологиясы. Асқыну критерийлері, жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігі. Басқа асқынулар. Болжамы. Диагностикасы. Бактериологиялық және серологиялық зерттеу тәсілдері. Емдеу принциптері. Саралау диагнозы. Алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Орнитоз

Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыштың ерекшеліктері. Эпидемиологиясы. Орнитоздың жұғу және берілу механизмдері спорадикалық аурулар және топтық өршу. Маусымдылық. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Клиникасы. Орнитоздың жіктелуі. Инкубациялық кезең. Аурудың негізгі симптомдары және олардың диагностикасы. Тыныс алу ағзаларының өзгерістері орнитоз кезіндегі пневмонияның ерекшеліктері. Нерв жүйесінің бұзылыстары. Орнитоздың созылмалы формалары. Рецидивтері. Асқынуы. Болжамы.

Диагностикасы. Эпидемиологиялық және клиникалық белгілерінің ролі. Зертханалық диагностика. Серологиялық зерттеулер. Иммунофлюоресценттік тәсіл. Терішілік сынамалардың диагностикалық маңызы. Орнитозды пневмонияның рентгенологиялық анықталуы. Емдеу принциптері. Алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Легионеллез

Өзектілігі. Этиологиясы. Қоздырғыш және оның қасиеті. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі, жұғу механизмі және таралу жолдары. Инфекция таралудағы аэрозольдардың маңызы. Қабылдағыштық. Қосымша аурулардың маңызы. Имунитет. Кездейсоқ аурулар және эпидемиялық таралулар. Патогенезі. Патологиялық анатомиясы. Клиникасы. Легионеллездің клиникалық формасы. Инкубациялық кезең. Пневмониялық формасы және Понтиак қызбасының негізгі симптомы. (жедел респираторлы легионеллез). Асқынуы: өкпе ісінуі, жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігі. Болжамы.

Диагностикасы. Клиникалық және эпидемиялық мәліметтердің маңызы. Лабораторлық диагностика. Бактериологиялық және иммунологиялық зерттеу. Тік емес иммунофлюоресценттік және иммундыферменттік әдістер. Емдеу принциптері. Алдын алу. Санитарлық-ағарту жұмысы.

Табиғи шешек

Өзектілігі. Табиғи шешекті жою бойынша ДДҰ бағдарламасы. Этиологиясы. Қоздырғыш, оның қасиеті. Эпидемиологиясы. Инфекция көзі, жұғу механизмі және таралу жолдары. Патогенезі. Патологиялық анатомия. Клиникасы. Диагностикасы. Жағдайды стандарты анықтау. Алдын алу.

№2 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптардың аталуы
1.	ҚР АИВ-инфекция мәселелерінің қазіргі таңдағы жағдайы.
2.	Қазақстан Республикасына өзекті аса қауіпті инфекциялар (түйнеме).
3.	Қазақстан Республикасына өзекті аса қауіпті инфекциялар. Оба.
4.	ҚР өзекті зоонозды инфекциялар. Бруцеллез.
5.	Құтыру.
	Жалпы сағаты: 5

Тәжірибелік сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптардың аталуы
1.	АИВ-инфекция, этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникалық көріністері, диагностикасы және алдын алуы.

2.	Токсоплазмоз.
3.	Тілме, сіреспе
4.	Бруцеллез.
5.	Инфекциялық мононуклеоз
	Жалпы сағаты: 10

**Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмыстары (ОСӨЖ)
тақырыптық жоспарының үлгісі**

№	ОСӨЖ тақырыптары
1.	Тілме.
2.	Құтыру.
3.	АИВ-инфекция, этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникалық көріністері, диагностикасы және алдын алуы.
4.	Түйнеме
5.	Бруцеллез.
7.	Лептоспироз
	Аралық бақылау
	Жалпы сағаты: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптар аталуы
1.	Түйнеме.
2.	Туляремия.
3.	Лептоспироз.
4.	Орнитоз.
5.	Легионеллез.
